



Ғылыми мақала  
ХҒТАР 03.20



<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-194-209>

## ГУЛАГ-тағы жүкті және жас баласы бар әйел тұтқындарға рақымшылық жасау мәселесі туралы: 1950 ж. 26 тамыздағы Жарлықты жүзеге асыру

Зауреш Сактаганова<sup>а</sup>, Алина Гладышева<sup>а</sup>✉, Толқынай Сақабай<sup>а</sup>

<sup>а</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

✉ [a.gladysheva2010@yandex.ru](mailto:a.gladysheva2010@yandex.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1950 жылғы 26 тамыздағы № 0589/183с «Жүкті әйелдер мен жас балалары бар сотталған әйелдерді тұтқынан босату туралы» Жарлықты жүзеге асыру мәселелері қарастырылады. Бұл рақымшылық мәселесі осыған ұқсас бұның алдында жасалған рақымшылықтар аясында қарастырылды. 1940-шы жылдардың аяғы 1950-шы жылдардың басындағы ГУЛАГ жүйесінің жағдайына қысқаша шолу жасалып, рақымшылықты жүзеге асыру кезеңдері, бостандыққа шыққан әйелдердің саны мен контингентіне талдау жасалады. Лагерь басшылығы, прокуратура, ИМ аудандық бөлімдері сияқты рақымшылықты іске асырушы құрылымдардың өзара әрекетіне шолу беріледі. Архивтік материалдар негізінде мемлекет үшін қауіптілік тұрғысынан қылмыстарды бағалаудағы өзгерістер туралы қорытынды жасалды. Негізінен сотталған әйелдердің контингенті ішінен 1947 жылғы 4 маусымдағы Жарлық бойынша экономикалық қылмыстары үшін сотталған әйелдер босатуға жатпады. Ал, Отанын сатқан отбасылардың мүшелері ретінде сотталған әйелдерге рақымшылық бойынша бостандыққа шығуға мүмкіндік берілді. Рақымшылықты іске асыратын құрылымдардың өзара әрекеттесуіндегі қиындықтарға байланысты 1950 ж. 26 тамыздағы рақымшылық міндеті толық жүзеге аспады. Лагерьден тыс жерде жас балалары бар әйелдердің жалпы санының шамамен 5% - ы қамауда қалды.

**Түйін сөздер:** КСРО тарихы; сталинизм; ГУЛАГ; ГУЛАГ әйелдері; ГУЛАГ балалары; Карлаг; амнистиялар.

**For citation:** Saktaganova, Z., Gladysheva, A., Sakabay, T. On the issue of the amnesty for the pregnant and having young children women prisoners from the Gulag: implementation of the Decree of August 26, 1950. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies.* 2024. №4(149). 194-209. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-194-209>

**Для цитирования:** Сактаганова З., Гладышева А., Сақабай Т. К вопросу об амнистии беременных и имеющих малолетних детей женщин-заключённых из ГУЛАГа: реализация Указа от 26 августа 1950 г. *Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки Философия. Религиоведение.* 2024. №4(149). 194-209. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-194-209>

## Кіріспе

1940-шы жылдардың аяғы 1950-шы жылдардың басында ГУЛАГ-та жазасын өтеп отырған жүкті және жас баласы бар әйелдерге қатысты жүйелі түрде рақымшылықтар жасала бастады. Жүкті әйелдер лагерлерде соңғы айларда жұмыс істей алмады, сондықтан тиімсіз болды. ЕТЛ (еңбекпен түзеу лагері) әкімшілігінің пікірі бойынша лагерлерде әйелдердің болуы лагерь режимінің бұзылуына алып келетін. Бұнымен қоса, 1940-шы жылдардың соңында азаматтық өмірде әйелдер отбасында негізгі роль атқарып, балаларының қамқоршысы болғандықтан, мемлекет басшылығының басты назарында болды. Ал, тұтқындау нәтижесінде олардың қоғамнан тыс қалуы болашақта өсіп келе жатқан ұрпақ үшін жағымсыз салдары болуы мүмкін деген пікір қалыптасты. (Alexopoulos, 2009: 568)

Жүкті және жас баласы бар әйелдерге рақымшылық жасаудың алғашқы қадамдарының бірі 1941 ж. тамыз айында жасалды. НКВД Халкомының орынбасары В.В. Чернышевтің Халком Л.П. Берияға жазған мәлімдеме жазбасында майдан жанындағы өңірлердегі лагерлер мен колониялардан тұтқындарды көшіру мәселелері туралы хабарлайды. Көшірілетін тұтқындардың арасында 1940 жылы 26 маусым және 10 тамыздағы Жоғарғы Кеңес (ЖК) Президиумының Жарлығы бойынша тұрмыстық және болмашы қылмыстары үшін тұтқындалған жүкті, жас баласы бар әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлер саны жағынан едәуір болды. В.В. Чернышев соғыс жағдайы жарияланған аудандардағы лагерьлер мен колонияларды мемлекеттік қауіпсіздікке қауіп төндірмейтін контингенттерден тазалау үшін оларды жазасын өтеуден босатуды ұсынды. Сотталғандардан құралған контингенттердің 5 түрі: КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1940 жылғы 26 және 10 тамыздағы Жарлықтары бойынша; «қаскүнемдер, рецидивистер, контрреволюционерлер және аса қауіпті қылмыскерлерді» қоспағанда, бір жылдан аз жаза мерзімі бар болмашы тұрмыстық қылмыстар үшін; кәмелетке толмаған қылмыскерлер; созылмалы аурумен ауыратын мүгедектер, қарттар, рақымшылыққа ұшырады. Рақымшылық жасағандардың арасында сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдер болуы керек еді (контрреволюциялық қылмыстар, бандитизм және рецидивистер үшін сотталғандардан басқа). Барлығы шамамен 100 мың адамды босату жоспарланды (Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архивы (әрі қарай РФ МА) Қ. 9414. Т. 1, І. 43. П. 60-62).

Келесі рақымшылық Ұлы Отан соғысы аяқталардан біраз бұрын жасалды. КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1945 жылғы 18 қаңтардағы «Жүкті әйелдер және мектеп жасына дейінгі балалары бар сотталған әйелдерді жазасын өтеуден босату туралы» Жарлығына сәйкес босатуға шешім шығарылды: 1. Сотталған жүкті әйелдер және өзімен бірге қамау орындарында мектеп жасына дейінгі балалары бар әйелдер. 2. Отбасында мектеп жасына дейінгі балалары бар сотталған әйелдер, олар осы Жарлық шыққан кезде жаза мерзімінің жартысын өтеген жағдайда босатылды. 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша контрреволюциялық қылмыстар, бандитизм бойынша сотталғандар, кісі өлтірген және рецидивистер бұл тізімге кірмеді. (Виленский және басқалар, 2002: 426)

1949 жылы 22 сәуірде Жоғарғы Кеңес Президиумының «Жүкті және жас балалары бар әйелдерді жазасын өтеуден босату туралы» Жарлығы бойынша тағы да бір рақымшылық жасалды. Жарлық бойынша «Контрреволюциялық қылмыстары, бандитизм, қасақана кісі өлтіруі, қарақшылық жасағаны, ұйымдасқан топ (шайка) немесе ірі көлемде қайта жасаған социалистік меншікті ұрлағаны үшін сотталғандардан басқа, сотталған жүкті әйелдер мен 7 жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерді одан әрі жазасын өтеуден босату» бұйырылды. (Виленский және басқалар, 2002: 477). Бұл жарлықтар бойынша бостандыққа шыққан әйелдердің нақты саны белгісіз. Себебі, ГУЛАГ басшылығы жекелеген еңбекпен түзеу лагерлерінен жарлықты жүзеге асыру бойынша есеп беруді талап етпеді.

1950 жылғы 26 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің № 0589/183с «Жүкті әйелдер мен жас балалары бар сотталған әйелдерді тұтқыннан босату туралы» Жарлығы одан әрі жазасын өтеуден, сонымен қатар еңбекпен түзеу жұмыстарынан ЕТЛ, ПМ колониялар мен түрмелеріндегі жалпы негізде сотталған әйелдердің келесі категорияларын босату бұйырылды: а) анасының қамау орындарында, сондай-ақ әкесінің, басқа туыстарының немесе таныстарының тәрбиесінде және балалар мекемелерінде 14 жасқа дейінгі жас балалары бар (14 жасқа дейінгі балалар, 1936 жылғы 26 тамыздан кейін туған балалар қарастырылды); б) 1950 ж. 26 тамыздағы Жарлық шыққан күні жүктілік жағдайында болған әйелдер. Республикалардың ПМ министрлеріне, өлке және облыстардың ПМБ (ПМ Басқармасы) бастықтарына, еңбекпен түзеу лагерлерінің бастықтарына сотталған әйелдердің арасындағы жүктілері мен 14 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді анықтауға бұйрық беріледі.

Келесі санаттағы сотталған әйелдер: а) контрреволюциялық қылмыстар жасағаны үшін (РСФСР ҚК 58-бабының барлық тармақтары және басқа одақтас республикалардың ҚК-нің тиісті баптары), сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылғы 22 сәуірдегі Жарлығымен, Отанға опасыздық жасағандардың отбасы мүшелері және сатқындар және 1943 жылғы 19 сәуірдегі Жарлығымен сотталғандар; б) бандитизм, қасақана кісі өлтіру, қарақшылық (РСФСР ҚК 59-3, 136, 137, 167, 193-28-баптары және басқа одақтас республикалардың ҚК-нің тиісті баптары), КСРО ҚК Президиумының 1947 жылғы 4 маусымдағы «Азаматтардың жеке меншігін қорғауды күшейту туралы» Жарлығының 2-бабы; в) қайта немесе ірі мөлшерде жасалған социалистік меншікті ұрлау, бірақ 1947 жылғы 4 маусымдағы «Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Жарлықтың 2-бабы бойынша сотталған әйелдер, егер олар бірінші рет ұрлық жасап және ұрлығы үлкен көлемде болмаса, 14 жасқа дейінгі балалары болса немесе жүкті болса Жарлыққа сәйкес босатылуға жатты. г) Жауапқа тартқанға дейін балаларын тастап кеткен әйелдер босатуға жатпады.

Осылайша, 1941 жылдан 1950 жылға дейін ГУЛАГ-тағы жүкті және жас балалары бар әйелдерге 1941 жылы тамызда, 1945 жылы 18 қаңтарда, 1949 жылы 22 сәуірде және 1950 жылы 26 тамызда 4 рет рақымшылық жасалды.

Мақаланың мақсаты 1950 жылғы 26 тамыздағы рақымшылықтың барысын, яғни, оның алғышарттарын, оны жүзеге асыру жағдайларын, оның болжамды және нақты нәтижелерін зерттеу болып табылады. Сонымен қатар рақымшылықтың барысы мен

нәтижелері, оның толық іске асырылмауының себептері талданады. Рақымшылықты іске асыру кезеңінің ерекшеліктері рақымшылыққа жататын тұтқындар контингентін таңдау процесінде оны іске асыруға қатысатын құқықтық институттардың призмасы арқылы қарастырылады.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Алдымызға қойған міндеттерді жүзеге асыруда жалпы ғылыми әдістермен қатар, арнайы тарихи әдістерді де қолдандық. 1950 ж. 26 тамыздағы рақымшылыққа қатысты архивтік материалдар жинақталып, талданды. Босатылған әйелдердің санын, сонымен қатар оларды бостандыққа шығару үдерісінің динамикасын талдауда статистикалық әдіс пайдаланылды. 1940 жылдың аяғы 1950 жылдың басында ГУЛАГ-та болған үдерістерді, сондай-ақ рақымшылық үдерістерінің ГУЛАГ-тың жүйе ретіндегі жұмыс жасауына әсерін зерделеуде салыстыру әдісі қолданылды. Елдегі экономикалық және саяси жағдайдан ГУЛАГ-тағы орын алған үдерістер байланысын, сонымен қатар ГУЛАГ жүйесінің ИМ сияқты құрылымдармен өзара байланысын түсінуде құрылымдық әдіс қолданылды.

1950 жылғы 26 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің № 0589/183с «Жүкті әйелдер мен жас балалары бар сотталған әйелдерді тұтқыннан босату туралы» жарлығының мәтіні Қарағанды облысы Мемлекеттік архивінің (ҚОМА) қорындағы 205 қордағы 7а тізімде 11 істегі 128-130 парақшадан алынды. Жарлықты орындау бойынша кейбір түсіндірмелерді 205 қордағы 7а тізімде 111 істен алдық. (КСРО Прокуратурасының 1950-1951 жж. бұйрықтары, дерективалары мен шолулары).

Бұл жарияланымның негізгі архивтік деректері ретінде Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивы қорларында сақталған құжаттар қолданылды. Олардың ішінде нормативтік-құқықтық материалдар, іс қағаз құжаттары (хаттар, есептер, мәлімдеме жазбалар) зерттелді. Атап айтатын болсақ, 9414 қордың 1 тізімдемесіндегі 1330, 1332, 1328, істер және т.б. 1940-шы жылдардағы АХАЖ органдары жұмыстарын қарастыруда 9415 қордың 3 тізімдемесіндегі 1418 істегі құжаттарды пайдаландық.

1950 ж. 26 тамыздағы КСРО ЖК Президиумының Жарлығын орындау бойынша Карлаг бойынша мәліметтері Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша Басқармасы (ҚР БП ҚС және АЕАЖК Қарағанды облысы бойынша басқармасының) архивіндегі 16 қор, 7 тізім, 8 істегі құжаттардан алынды.

### **Талқылау**

1940-шы жылдардың аяғы 1950-шы жылдардың басы КСРО-да мәжбүрлі еңбек жүйесінде кезекті дағдарыс орын алды. Репрессияның қарқындылығы артқаннан кейін, ГУЛАГ басшылығы тұтқындардың көптігі мәселесіне тап болды. Тұтқындарды жұмыс күші ретінде пайдалану мүмкіндігі олардың еңбегінің қаншалықты тиімді болатындығын анықтауды талап етті. 1940 жылдардың екінші жартысындағы

қуғын-сүргіннің күшеюі ГУЛАГ–тағы тұтқындар санының артуына алып келді. ГУЛАГ басшылығы 400 мың тұтқынды қабылдау үшін 27 жаңа лагерь ашты. 1947 жылы ГУЛАГ тұтқындарының саны 470 мың адамға өсті, олардың 27%-ы 1947 жылғы 4 маусымдағы Жарлықпен сотталғандар болса, олардың ішінде әйелдер 32,7%-ды құрады.

1946-1947 жж. Ресейдің орталық облыстарын, Төменгі және Орта Еділ, Украина және Молдавия, Сібір мен Қазақстан аумақтарын шарпыған қуаңшылық салдарынан аштық басталып, адамдар аштан өлмеу үшін ұрлық жасауға мәжбүр болды. 1947-1953 жж. қамтыған алты жыл ішінде 1,5 млн астам адам қоғамдық мүлікті ұрлағаны үшін, шамамен 700 мың адам жеке меншікке қол сұққаны үшін сотталды.

1947 жылғы 4 маусымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті жымқырғаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және «Азаматтардың жеке меншігін қорғауды күшейту туралы» Жарлықтарына сәйкес колхоздың немесе кооперативтердің мүлкін жымқыру және басқа да ұрлау фактілері бойынша ұсталғандар еңбекпен түзеу лагерлерінде 5-8 жыл (7-10 жыл мемлекеттік мүлікті ұрлаған жағдайда берілді) жазасын өтеу керек болды. Қылмысты қайта жасаған, топтасып немесе ерекше ірі көлемде ұрлаған жағдайда үкім 15-20 жылға дейін ұлғайтылды. Екінші жарлықта азаматтардың жеке меншіктерін ұрлау туралы айтылды. Мұндай ұрлық жасағандар еңбекпен түзеу лагерлерінде 5-6 жылға жазасын өтеуі керек болды. Ұйымдасқан топтың қайта қылмыс жасауы немесе қарақшылық шабуылы болған жағдайда 20 жылға кесілді. Адамдар аштықтан немесе суықтан өлмеу үшін ұрлық жасады. Сотталғандардың едәуір контингенті әйелдер болды.

Осы кезеңде әйел адамдардың көптеп тұтқындалу жағдайлары арыздардың көбеюіне алып келді. 1948 жылы мамыр айында «Правда» газетінің журналисті А. Абрамова өз мақаласында Жарлықты іске асыру барысында халықтың ең осал категориялары яғни, майдангерлердің жесірлері мен жас балаларды тәрбиелеп отырған әйелдер асыра сілтеушіліктердің құрбаны болып отырғаны жөнінде мәселені көтереді. А. Абрамова қамқорлықтарында қарт ата-аналары мен жас балалары бар майдангерлердің жесірлері болған үлгілі жұмысшы, колхозшы әйелдер туралы баяндап жазды. Ұрлыққа бармас бұрын олардың көпшілігі материалдық көмек сұрағанын, оларға ешқандай көмек көрсетілмегенін айтты. Сотталғаннан кейін әйелдер еркісіз балаларын өздерімен бірге лагерге алып баруға мәжбүр болғанын ерекше атап өтті. Ал, лагерлерде болса, балалар «сәбилер үйіне» орналастырылды. Мақаланың қорытындысында журналист осындай үкімдерді қайта қарау жөніндегі комиссия құрып, жүкті және жас балалары бар әйелдер үшін үкімдерді жеңілдету бойынша заңға толықтыру енгізуді, кәсіпорындарда жымқыру істері бойынша істерді қарап, оларды әкімшілік жағынан жазаға тартып, айыппұлдар төлетуді қарастыратын «жолдастық соттарды» енгізуді ұсынды. Саясибюро бұндай бастаманы қолдамады. Бірақ, мақала қоғамда резонанс тудырды. Нәтижесінде 1950 жылы 26 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесі жүкті әйелдер мен жас баласы бар әйелдерге рақымшылық жасау туралы заңды қабылдады (Верт, 2010: 363-376).

КСРО мемлекеттік билігі жоғары органдарының тарапынан жүкті және жас балалары бар әйелдерге жүйелі түрде рақымшылық жасау үдерістерінен КСРО басшылығының қылмыс жасаған әйелдерді еркектерге қарағанда онша қауіпті емес деп есептегенін

байқауға болады (Bell, 2015: 219). Бұнымен қоса, ГУЛАГ жүйесінде әйелдердің контингентін пайдалану экономикалық жағынан тиімсіз еді (жүкті әйелдер, мысалы, соңғы айларда, босанар алдында ауыр жұмыстарды атқара алмады т.б.). Бір жағынан лагерлерде әйелдердің болуы лагерь тәртібінің бұзылуына әкелсе, екінші жағынан, лагерь басшылығын сотталған әйелдердің жаңа туған балаларын ұстауға арналған инфрақұрылымдар құруға мәжбүрлеп отырды. 1949 жылы ГУЛАГ-та 500 мыңнан астам әйел болды. Олардың шамамен 9 мыңдайын жүкті, 24 мыңын жас баласы бар әйелдер құрады (Alexopoulos, 2017:56). Батыс Сібірдегі орман өнеркәсібі лагерлерінде басқа лагерлерге қарағанда әйелдердің пайызы жоғары еді. Сібір лагерінің құрамындағы 11 лагердегі 32 мың тұтқынынның 13 мыңдайы тұтқын әйелдер болды (40,6%) (Bell, 2015: 207). 1950 жылдардың ортасындағы лагерь бөлімшелері мен прокуратура арасындағы хат-хабарлардан 1947 жылғы 4 маусымдағы жарлықпен сотталған әйелдер рақымшылыққа аз іліккенін байқадық.

Атап айтатын болсақ, 14 жасқа дейінгі 3 баласы бар, жалған аударымдар бойынша 6939 рубль алғаны үшін сотталған, Воркутлаг тұтқыны М.А. Сергееваны босатуға прокуратура санкция бермеген. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1332. П. 25). Бұған қоса, кішігірім және елеусіз қылмыстар үшін ұзақ мерзімге сотталған тұтқындарға рақымшылық жасалмады. Мысалы, кішігірім көлемдегі кооператив қаржысын ысырап қылғаны үшін сотталған А.В. Сысоеваға, кілегей мен май ұралағаны үшін сотталған М.И. Муратоваға рақымшылық жасалмаған. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1332. П. 25). Прокуратура Южжубаслаг тұтқындары К.П. Акатьеваны, Р.М. Филинаны, А.П. Харламованы, А.Т. Шпакованы, В.Ф. Захарованы, Б.С. Лыскованы тұтқыннан босатуға рұқсат бермеген. Олардың барлығы 1947 жылғы 4 маусымдағы Жарлық бойынша. А.Т. Шпакова – ЖЭО аумағынан 10 кг көмір ұрлағаны үшін, лагерде баласы болған; В.Ф. Захарова - ұн тарту зауытынан 4 кг бидай ұрлаған, жүкті болған; Р.М. Филина – «Коммунар» ұн тарту зауытынан 4 кг ұн ұрлағаны үшін 10 жылға сотталған. (РФ МА. Қ.9414. Т. 1. І. 1332. П.40). Бұл мысалдардан 4-30 кг мөлшеріндегі азық-түлікті ұрлағаны үшін лагерде 10 жыл отыру жазасының лайықты берілмегенін көруге болады. Соғыстан кейінгі қиын жылдары әйелдер аштан өлмеуі, балаларын аман алып қалуы үшін еріксіз ұрлыққа барғанын білеміз. Нақты фактілерге қарамастан, бұл әйелдерге (жүкті немесе жас балалары бар) 1950 жылы рақымшылық жасалмаған.

Прокуратура мен лагерь басшылықтары арасындағы хат алмасу мәліметтерінен тұтқындардың қандай контингентіне рақымшылық жасалғанын көрдік. Прокурордың және КСРО прокуратурасының қорытынды орындарын қадағалау жөніндегі бастықтың орынбасары А. М. Сливиннің 1950 жылғы 18 желтоқсандағы түсініктемесіне сәйкес 14 жасқа дейінгі балалары бар, КСРО ИМ-МҚМ жанындағы соттар мен Арнайы кеңеспен РКФСР ҚК 82-бабы, II бөлімі бойынша Отанын сатқандар отбасының мүшелері ретінде бас бостандығынан айрылып, міндетті қоныс орнына жіберіліп, сол жерден қашқаны үшін сотталғандар, «УПА» (Украин көтерілісшілерінің әскері) бандаларының және «ОУН» (Украин ұлтшылдарының ұйымы) қатысушылары, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы еңбек қызметінен жалтарғаны үшін жер аударылғандар лагерьден босатылды, бірақ бұрынғы жер аударылған жерге міндетті түрде жіберілді. (Қарағанды облысының мемлекеттік архиві. (әрі қарай ҚОМА). Қ. 205. Т. 7а. І. 111. П. 12).

Осылайша, бас бостандығынан айрылып, міндетті қоныс орынына жіберілген «УПА» (Украин көтерілісшілерінің әскері) бандаларының отбасы мүшелерінің әйелдері Красноярск және Хабаровск өлкелерінің ИМ Еңбекпен түзеу лагерлері колониялары басқармасынан босатылып, тұрақты жер аударылған жерлеріне жіберілген. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1332. П. 174). «УПА» бандасына жатқызылған тұтқындар И.Е. Михалевская (лагерден тыс баласы болған) және Иркутск облысына жер аударылған жерінен қашып, еңбекпен түзеу лагерлерінде 5 жыл отыру жазасы кесілген О.С. Политило (жүкті болған) рақымшылық бойынша прокурор тарапынан босатылған (жер аудару орнында міндетті түрде қамауға алу шартымен). Өзбек КСР лагерлерінің бірінің тұтқыны Д. Сулейманова Отан сатқынының әйелі ретінде жер аудару орнынан қашып кеткені үшін сотталған. Ол 1950 ж. 26 тамыздағы Жарлық бойынша бұрынғы жер аудару орнына міндетті түрде қайтару шартымен босатылған. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1332. П. 110).

1950 жылғы 26 тамыздағы Жарлыққа сәйкес жүкті және жас балалары бар ретінде бостандыққа шыққан әйелдерге, олардың отбасылары (балалары, күйеуі, ата-аналары және басқа да жақын туыстары) болған жағдайларда режимдік жерлерге шығуға рұқсат бере отырып, босату туралы паспорттар мен анықтамалар беруге бұйрық беріледі. Балалары бар босатылған әйелдерге олардың туу туралы куәліктері қолына берілуі керек еді. Қоныс аударушылар сотталғанға дейін белгіленген тәртіппен, күзетші айдауымен босатылған әйелдерді міндетті қоныстандыру орындарына жіберу ұйғарылды. Бұл ретте прокурордың түсіндіруіне сәйкес міндетті қоныстану орындарынан қашқаны үшін 20 жылға ауыр жұмыстарға сотталған жүкті әйелдер босатылуға жатпады. (ҚОМА. Қ. 205. Т. 7а. І. 11. П. 129).

КСРО ИМ мен КСРО Бас Прокурорының 1950 ж. 26 тамыздағы Жарлықты орындау жөніндегі №0589/1083/0 бұйрығы Карлагқа келіп түскен соң, лагерде екі дәрігерлік комиссия құрылып, нақты нұсқаулар әзірленеді. Жарлықты қолдану әрекетіне жататын 11240 тұтқын әйелден сұхбат алынады. Карлаг арнайы бөлімінің бастығы подполковник Матросовтың есебіне сәйкес Карлагта босатылуға жататын 4152 әйел анықталады, оның ішінде: жүкті – 636; лагерьде балалары бар – 819; лагерьден тыс балалары бар – 2697. Олардың ішінен 1950 жылғы 24 қазандағы жағдай бойынша: жүкті – 501 (78,7%); лагерьде балалары бар – 584 (71,3%); лагерьден тыс балалары бар – 3 әйел (0,1%) бостандыққа шығарылған.

Карлаг арнайы бөлімінің бастығы Матросовтың 16 желтоқсандағы келесі хабарламасына сәйкес КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1950 ж. 26 тамыздағы Жарлығы бойынша босатуға жататын тағы да 4299 әйел анықталған. Олардың 783-сі жүкті, 819-ның лагерде баласы бар, 2697-нің лагерден тыс баласы болған. Бұлардың ішінен 1950 жылы 16 желтоқсанда 2342 әйел босатылған: жүкті – 769 (98%); лагерьде балалары бар – 706 (86%); лагерьден тыс жерде балалары бар – 867 әйел (32%). (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Басқармасының архивы, (одан әрі ҚР БП ҚС және АЕАЖК Қарағанды облысы бойынша басқармасының архивы) Қ. 16. Т. 7. І. 8. ПП. 301-302).

КСРО ИМ ГУЛАГ-тың 2-ші басқармасы бастығының орынбасары құрастырған мәліметтерден, «қамау орнынан тыс балалары бар» санатына жатқызылған әйелдердің

бостандыққа көп шығарылғанын байқадық. 1950 жылдың 20 қыркүйегінде осы санатқа жататын 45720 адам есепке алынған. Келесі санат «лагерьде балалары бар әйелдер» болды. Олардың саны 14242 адамды құраған. Жүкті әйелдер – 7718 болды; жалпы негізде еңбек-түзеу жұмыстарына жегілгендер саны – 2903.

Жарлықты орындауға үш ай мерзім берілгеніне қарамастан, іс жүзінде оны жүзеге асыру алты айдан астам уақытқа созылды. Әйелдердің толық негізгі санаттары тек 1951 жылдың 23 сәуіріне қарай ғана босатылды. «Жалпы негізде еңбекпен түзеу жұмыстарына үкім шығарылған әйелдер» санаты бойынша Жарлық тез жүзеге асырылды: осы санаттағы 4971 әйел 1951 жылдың 10 қаңтарына дейін босатылды. 1951 жылдың 23 наурызына дейін есепке алынған жүкті және лагерде өздерімен бірге балалары бар әйелдер босатылды. 1951 жылдың сәуір айының соңына қарай «Қамау орындарынан тыс балалары бар» санатына жататын әйелдердің 95,4 %- ы босатылса; есепке алынған 80323 әйелдің 76626-сы ғана бостандыққа шыққан екен. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1330. П.1).

КСРО ИМ ГУЛАГ бастығы И.И. Долгихтің 1951 ж. 27 сәуірдегі анықтамасында туыстарының тәрбиесі мен балалар мекемесінде балалары бар ретінде 3697 әйел көрсетілген. «Көрсетілген әйелдердің балалары, олардың бар - жоғын және жасын растайтын құжаттарды алу үшін іздестірілуде, осыған байланысты расталғанға дейін бұл әйелдерге 1950 жылғы 26 тамыздағы Жарлық қолданыла алмайды» – деп баяндалған (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1330. П. 41).

Лагерьден тыс жерде балалары бар әйелдерді анықтау процесі, біркелкі болмады: 1950 жылдың 1 қазанынан 10 қазанына дейін осы санаттағы әйелдердің саны анықталды (31181-ден 93396-ға дейін). Лагерьден тыс жерде балалары бар әйелдердің максималды саны 1950 жылдың 1 қарашасында анықталды (98049). Келесі айларда анықталған әйелдердің саны біртіндеп төмендей бастады және 1951 жылдың 1 наурызында олардың саны 80865 болды. Осы санаттағы әйелдерді босату өте баяу болды: 1950 жылдың 1 қарашасында тек 15638 әйел босатылды (16%). 1951 жылдың 1 наурызына қарай осы санаттағы әйелдердің жалпы санының 91% - ы босатылды. «Жүкті» және қамау орындарында балалары бар санатына жататын әйелдер үшін босатудың шарты балалары тірі болуы керек болды. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1330. П. 21).

1950 ж. 26 тамыздағы рақымшылық туралы Жарлыққа сәйкес лагерлердің әкімшіліктеріне бұйрық етілді: жүкті және жас балалары бар әйелдерді олардың немесе балаларының сырқаттануы салдарынан тұрғылықты жерлеріне жөнелту мүмкін болмаған жағдайда оларды лагерде толық сауыққанға дейін мүгедектерге бөлінетін қаражат есебінен қалдырып, содан кейін ғана босатуды рәсімдеген. (ҚОМА. Қ. 205. Т. 7а. І. 11. П. 129).

КСРО ИМ ГУЛАГ-тың 2 басқарамасы бастығының орынбасары полковник Я.Н. Никулочкиннің 1950 ж. 4 қазандағы сұранысында: «КСРО ИМ ГУЛАГ-қа 26.08.1950 ж. Жарлығымен босатылған, бірақ, біраз уақыттан кейін балалардың ауруына байланысты лагерде немесе колонияда уақытша қалдырылып, кейін олардың балалары қайтыс болған әйелдерді тұрғылықты жеріне жіберу мүмкіндігі туралы ИМ-нің қорытынды орындарына сұрау салулар келіп түседі, сондай-ақ жүктілігі бар әйелдер, босанғанда балалары өлі тууына байланысты түрмедегі емдеу мекемесінде қалдырылды. Мұндай



адамдарды прокурор санкциялаған қорытындылар бойынша босатудың заңдылығын түсіндіруді сұраймын, ал егер олар балалардың қайтыс болуына байланысты босатылмаса, онда олар белгілеген жаза мерзімдерін өтеу үшін оларды қайтадан қамауға алуды ресімдеуді қандай тәртіппен жүргізу керек» – деп түсіндіруді сұрайды. (РФ МА. Қ.9414. Т.1. І. 1332. П. 36). 1950 жылы 23 қазанда бұл сұранысқа былай деп түсініктеме беріледі: «балалары түрмеде қайтыс болған әйелдер 1950 жылғы 26 тамыздағы жарлықпен босатылмайды. Егер балалары қайтыс болған әйелдер босату туралы қаулы шығарылған болса, бірақ іс жүзінде оларды босату жүргізілмеген болса, онда бұрын шығарылған босату туралы шешімнің күшін жою туралы қаулы шығару қажет» (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1332. П.18). ИМ Карлаг арнайы бөлімінің бастығы подполковник Матросовтың 1950 жылғы 24 қазандағы есебіне сәйкес, Карлагта балаларының қайтыс болуына байланысты 12 әйелді босатуға рұқсат берілмеген.

Саяси баптар бойынша сотталғандар арасында, жаңа туған балаға Жарлық бойынша бостандыққа шығудың жолы ретінде қарау орын алады. Кейін лагерлерде «қылмыскерлер балаларының арқасында бостандыққа шығып алған соң, балаларын өлтірді» деген қауесет тудырады. 1951 жылы 18 қаңтарда тұтқындалып, Минлагта (КомиАКСР) жазасын өтеген Сусанна Соломоновна Печуроның естелігі бұған дәлел бола алады. С.С. Печуро «Революция ісі үшін күрес одағы» жастар ұйымы ісі бойынша 18 жасында тұтқынға алынып, 1956 жылға дейін қамауда отырады. С.С Печуро лагердегі осындай «аналар» туралы өз әңгімесінде былай деп еске алады: «Уголовница могла договориться с начальником лагеря, что она там будет ему посылки свои отдавать, а он её это... А потом, это значило – «уйти по мамочке». Вот это очень страшно. Тем страшно, что рожают для того, чтобы выйти на волю, а не для того, чтобы человек жил. Но когда их отпускают, очень многие из них ребенка убивают в дороге... Это было только в отношении уголовников. Ну, они выходят с ребенком на руках. А дальше что? Дома у них нет. Семьи у них нет. Работы у них нет. Хлеба у них нет. Она берет ребенка и головой об стенку... Ты сталкиваешься с этим, когда тебя отправляют в этап». С.С. Печуро қылмыстық бап бойынша сотталған әйелді лагердің ауруханасында босандырғанын былай деп еске алады: «Приняли мы девочку. Мы её как-то обмыли, во что-то завернули. И ушли спать. А утром мы встаем и бежим посмотреть, потому что все роженицы здесь лежат и сейчас будет сестра дежурная приносить детей, чтобы они их кормили. Смотрим – наша эта Манька, толстая роженица, сидит и душит ребёнка. Мы заорали обе, начали ребенка отнимать, отняли. А почему? Она в лагерях всю жизнь, она уголовница, у неё пятый ребенок, которого она рождает в лагерях. Чей ребёнок? Она же этого ничего не знает. Четверо предыдущих детей были у неё, как у всех, отобраны и отправлены в какие-то детдома. Она не знает где они, она не знает даже, как их назвали. Она не знает, живы ли они. А тут ещё пятый. Ну, зачем такая мука ещё раз? Она виновата?» (Печуро, 2011) Сұхбат орыс тілінде болғандықтан мақалада естеліктің мағынасын жоғалтпау үшін түпнұсқа тілде қалдыруды жөн көрдік. -авт.) Бұдан кейбір әйелдер баланы бостандыққа шығу мақсатында пайдаланғандарын көруге болады.

Лагерь әкімшіліктеріне балаларымен бірге босатылған әйелдерді тұрғылықты жеріне барар жолда жол жүру билеттерімен, ақшамен және азық-түлікпен, маусымға сәйкес

жарамды киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету міндеті жүктеледі (ҚОМА. Қ. 205. Т. 7а. І. 11. П. 129). Мұндай тәжірибенің шынымен болғаны туралы ақпаратты мемуарлық әдебиеттерден кездестіре алмадық.

Рақымшылықты орындаудың жүктемесі аралық түрмелерге жүктеліп отырған. 1951 жылдың басында ГУЛАГ (Қарағанды, Сібір, Волжский, Борский, Степной, Луговой, Песчаный және Дубравный) лагерь бөлімшелері мен ЕТЛКБ-ЕТКБ ИМ-ИМБ жүйесіне кіретін еңбекпен түзеу колонияларының (ЕТК) жалпы саны – 1171 болды, оның ішінде 57-сі аралық түрмелер болған (Зюзина, 2004:123). Кейбір аралық түрмелердің бұндай жүктемеге шамасы жетпеді. 1950 жылы қазанда Нориллагтан және 503 құрылыстан (Салехард-Игарка жолы) 1950 жылғы жарлық бойынша рақымшылық күткен 1167 әйелді рақымшылық жасау үшін істерін одан әрі қарау үшін Нориллагтың Красноярск транзиттік пунктіне орналастыру керек болды. Нориллаг басшылығы үй-жайдың болмауына байланысты әйелдерді транзиттік пунктке орналастырудан бас тартқаны лагерь басшылығының мәлімдемелерінде көрсетілген (РФ МА. Қ. 9414, Т. 1, І. 1328. П. 9).

Лагерьлерде қамауда отырған жүкті әйелдердің санын анықтау өте жылдам жүзеге асырылды: 1950 жылдың 20 қыркүйегі мен 1 қарашасы аралығында, 14187 жүкті әйел анықталды, оның ішінде 13563 әйел босатылған (95,6%). Келесі айларда анықталған жүкті әйелдердің саны 1951 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша 15561 әйелге дейін шамалы өскен. Лагерьлерде балалары бар әйелдерді босатуда шамамен осындай динамика байқалады. 1951 жылдың 23 наурызына қарай лагерьлерде анықталған жүкті және жас балалары бар әйелдердің 100%-ы босатылды. 1950 жылғы 26 тамыздағы рақымшылық бойынша барлығы 116734 әйел лагерьлерден босатылды (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1330).

ИМ-ИМБ (АХАЖ) аудандық органдары мен лагерь басшылықтары арасында рақымшылықты жүзеге асыру жағдайында қайшылықтар туындады. 1950 жылғы Жарлық бойынша келесідей ұйғарым етілген: ИМ-ИМБ –да әйелдерді босатуға байланысты қамау орындарынан келіп түсетін сұраныстарды орындайтын қызметкерлер тобын ұйымдастыру. Сұраныстар үш күннен кешіктірілмей орындалуы қажет; туу туралы куәліктер немесе аудандық атқару комитеттері, ауылдық кеңестер және АХАЖ органдары куәландырған ресми анықтамалар сол жерге жіберілуі керек болды. Баланың туған жері немесе тұрғылықты жері бойынша оның тууы жөніндегі жазбалары жоғалған жағдайларда ИМ қызметкерлері ақпаратты туыстарынан, анасы мен баласын білетін куәгерлерден сұрастыру арқылы баланың жасын, ол баланың босатылуы керек әйелге тиесілігін анықтаған (ҚОМА. Қ. 205. Т. 7а. І. 11. П. 129).

Тұтқын әйелдер өз балаларының қайда екенін білмеген жағдайлар да болды. Олардың туыстарымен қатынастары тұтқындалған кезден бастап үзілген. Лагерь әкімшілігі тұтқын әйелдердің лагерьден тыс балаларын іздестіруде бірқатар қиындықтарға тап болады. Себебі, АХАЖ құрылымдары ақпарат беруге ықылас танытпады немесе оларда қажетті мәліметтер болмаған. Карлагтың арнайы бөлімінің бастығы подполковник Матросовтың 1950 ж. 16 желтоқсандағы есебіне сәйкес Карлагтың 962 сұранысына жауап келмеген, олардың ішінде бастапқы сұраныстар – 716; нақтылаушы – 51; аналары арқылы балалардың жаңа орнын анықтауды нақтылаудан кейін ИМ органдарына

екінші мәрте жіберілген сұраныстар саны – 205 деп көрсетілген. Нәтижесінде, 1950 жылғы 16 желтоқсандағы жағдай бойынша, балалары бар екені ИМ органдарының ақпаратымен расталмаған 962 әйел бостандыққа шығарылмаған. Осылайша, Карлагта қамауда отырған және лагерьден тыс жерде балалары бар 2697 әйелдің тек 64,3% - ы босатылды; әйелдердің 35,7% - ы түрмеде қалған. (ҚР БП ҚС және АЕАЖК Қарағанды облысы бойынша басқармасының архивы) Қ. 16. Т. 7. І. 8. ПП. 301-302).

ИМ құрылымдарынан құжаттарды алу белгілі бір қиындықтармен байланысты болды: АХАЖ архивтары Ұлы Отан соғысы кезінде айтарлықтай зардап шегіп, соның салдарынан олардың жұмысы 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында дағдарыстық жағдайда болған. Мысалы, 1945 жылы АХАЖ архивіне азаматтық хал актілерін тіркеу туралы құжаттарды беру туралы 993141 сұраныс түскен, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы 558023 куәлік және актілік жазбалардың жоқтығы туралы 337080 анықтама берілген (РФ МА. Қ. 9415. Т. 3. І. 1418. ПП. 4-5). Құжаттардың болмау себебі ретінде АХАЖ органдарының басшылығы өз архивтерінің едәуір бөлігінің жойылуын көрсеткен. Бұдан басқа, АХАЖ жүйесі ИМ-нің қарамағында болды, онымен ынтымақтастықта жұмыс үшін ішкі істер министрінің ерекше өкімі талап етілді. Ал, бұндай өкімдер болмағандықтан, АХАЖ қызметкерлері ГУЛАГ жүйесінен келіп түскен сұраныстарға жауап беруге ықылас танытпады.

Архив құжаттары бойынша: «Калинин, Свердлов және Курск облыстарының ИМ-нің хабарлауынша, жергілікті милиция органдары 1950 жылғы 26 тамыздағы Жарлық бойынша жазадан босатылуға жататын сотталған әйелдерде балалардың бар екендігін растайтын құжаттарды АХАЖ, аудандық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерден жіберу жөніндегі ИМ-нің түрмелері тарапынан жіберілген жекелеген сұраныстарды орындаудан бас тартады. (РФ МА. Қ. 9414. Т. 1. І. 1332. П. 30). 1950 жылдың қараша айының басында генерал-майор Г.П. Добрынин КСРО ИМ Министрі С.Н. Кругловқа өтініш хат жолдайды. Онда Мемлекеттік қауіпсіздік министрі генерал-полковник В.С. Авакумовқа бағытталған хаттың жобасы жіберілді. Хатта Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің аумақтық органдарын қамау орындарының сұраныстарын орындап, құжаттарды уақытылы жіберуді міндеттеу туралы өтініш етіледі. АХАЖ органдарында балалардың туу туралы жазбалары жоғалған жағдайларда балалардың сотталған әйелге тиесілігін білу үшін туыстарынан және анасы мен баласын білетін адамдардан сұрау жолымен анықтау қарастырылды. 1950 ж. 16 қарашада КСРО ИМ хатшылығынан министрдің хатқа қол қоюдан бас тартқандығы туралы жауап келеді (РФ МА. Қ. 9414. Т.1. І. 1332. П. 3).

## Қорытынды

1950-1951 жылдардағы лагерьлердегі әйел тұтқындарды босату туралы архивтік дереккөздерден көріп отырғанымыздай, 1947 жылғы 4 маусымдағы Жарлық бойынша социалистік меншікті ұрлағаны үшін сотталған жүкті және жас балалары бар әйелдерде бостандыққа шығу мүмкіндігі айтарлықтай аз болды. Прокуратура осы бап бойынша қылмыс жасағаны үшін сотталған, оның ішінде, әсіресе, ұрлықты қайталап немесе

аса ірі мөлшерде жасаған әйелдерге рақымшылық жасауға келіспей, бас тартты. Сонымен қатар қоныс аудару орындарынан қашқан арнайы қоныс аударушы әйелдер де рақымшылыққа ілікпеді. Қоныс аудару орындарынан қашқан әйелдерге 20 жыл ауыр жұмыс жасауға үкім шығарылып, ондай қылмысқа барған әйелдерге балалары болса да рақымшылық жасалмады. Ал, бас бостандығынан айыруға міндетті қоныстану орындарынан қашқаны үшін ҚК-нің 82-бабы II-бөлігі бойынша сотталған «УПА» (Украин көтерілісшілерінің әскері) бандаларының отбасы мүшелерінің әйелдері рақымшылықпен босатылды. Мұндай әйелдерге рақымшылық жасау арнайы қоныстану орындарына міндетті түрде жөнелтілген жағдайда рұқсат етілді.

Лагерьден тыс жерде балалары бар әйелдерді рақымшылық бойынша босату ПМ-нің аудандық органдарына қамаудағы әйелдердің балаларының бар-жоғы туралы ақпарат беруге бұйрық берілмегендігімен қиындады. Соған сәйкес мұндай ақпарат лагерь басшылығына тұрақты түрде жіберіліп тұрған жоқ. Тұтқын әйелдердің өздері көбінесе балаларының қайда екенін білмеді. Нәтижесінде, рақымшылық аяқталғаннан кейін, лагерьлерде балаларының қайда екені белгісіз болған 3697 әйел бостандыққа шықпай қалған.

Жаңа туған нәрестесі қайтыс болған жүкті әйелдерді лагерь басшылығы босатпады.

1941 жылдан 1950 жылға дейін ГУЛАГ-тағы жүкті және баласы бар әйелдерге қатысты 1941, 1945, 1949 және 1950 жылдары 4 рет рақымшылық жасалды. 1941 жылғы жасалған рақымшылық бойынша тұтқындардың бірнеше санатын босату көзделді. Оларға кішігірім қылмыстары үшін сотталғандар, созылмалы ауруы бар мүгедектер, кәмелетке толмаған қылмыскерлер, жүкті және жас балалары бар әйелдер жатты. 1945 және 1949 жылдардағы рақымшылықтың негізгі нысаны жүкті және мектеп жасына дейінгі балалары бар әйелдер болды. Рақымшылық бойынша бостандыққа шыққан әйелдердің нақты саны белгісіз. Өйткені, ГУЛАГ басшылығы жекелеген лагерьлердің басшыларынан рақымшылықтарды орындау туралы есеп талап етпеді.

1950 жылғы 26 тамыздағы Жарлық бойынша жүкті және жас балалары бар әйелдерге рақымшылық жасау ГУЛАГ-тағы әйелдер үшін жасалған көлемді рақымшылық болды. Осы кезеңде ГУЛАГ-та болған 600 мыңнан астам әйелдің тек 116734 -не ғана (шамамен 20%) рақымшылық жасалды. Түрмеден тыс жерде балалары бар әйелдерді босатуда белгілі бір қиындықтар болды. Себебі, аудандық АХАЖ органдары балалардың орналасқан жері туралы ақпарат бере бермеді, ал қамаудағы әйелдердің өздері балаларының қайда екенін білмеді. Нәтижесінде, қамау орындарынан тыс жерде балалары бар әйелдердің шамамен 5% - ы лагерьлерде қалды. Архивтік құжаттары жүкті және балалары бар әйелдердің барлығы бостандыққа шығарыла бермегенін көрсетеді. Оған Заңды (Қылмыстық кодекстің жеке баптары) және физикалық (науқастар, қайтыс болған балалар, аумақтық кедергілер) қиындықтар кедергі болды. Осылайша, мақаланы жазу барысында 1950 жылғы 26 тамыздағы Жарлық бойынша рақымшылық жасау мәселелерін қарастыру барысында ГУЛАГ жүйесіндегі тұтқындарды босату айтарлықтай қиындықтармен байланысты болғанын анықтадық.

### Авторлардың қосқан үлесі:

**Сактаганова З.Г.** – Зерттеудің мақсаты / идеясын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау. Қолжазбаны құру және дайындау: қолжазба жобасын сыни талдау, зерттеу тобы мүшелерінің, оның ішінде жарияланғанға дейінгі және кейінгі кезеңдерде ескертулер мен түзетулер енгізу. Зерттеуді жоспарлау және жүргізу процесінде бақылау, көшбасшылық және тәлімгерлік.

**Гладышева А.Г.** – мақаланы жазу үшін архивтік материалды жинақтап, мақаланың тұжырымын әзірледі, мақаланың мәтінін жазып, библиографияны іріктеу жұмыстарын жүргізді.

**Сақабай Т.Қ.** – мақала мәтінін жазды, журналдың техникалық талаптарына сай мақаланың рәсімделуін қамтамасыз етті, мақсат-міндеттерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, түзету, аударма жұмыстарын жасады.

### Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### Әдебиеттер тізімі:

Alexopoulos G. *Exiting the Gulag after War Women, Invalids and the Family* // *Jahrbuecher fuer Geshichte Osteuropas, Neu Folge*, Bd. 57. H.4. Themenschwerpunkt: Aufbruch aus dem GULag. 2009. P. 563-579;

Alexopoulos G. *Illness and Humanity in Stalin's GULAG*. New Haven and London: Yale University Press, 2017. 308 p.

Bell Wilson T. "Sex, Pregnancy, and Power in the Late Stalinist Gulag." *Journal of the History of Sexuality*, Vol. 24. №2. 2015. P. 198–224. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/24616567>

Верт Н. *Террор и беспорядок. Сталинизм как система* (пер. с франц.), М, РОССПЭН, 2010. 447 с.; *Дети ГУЛАГа. 1918-1956*. Сост. С. Виленский, А. Кокурин, Г. Атмашкина, И. Новиченко. М.: МФД. 2002. 631 с.;

Запись беседы с Печуро С.С., записано А.Г. Гладышевой в Москве 2011 г.

*История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х – первая половина 1950-х годов. Том 4: Население ГУЛАГа: численность и условия содержания*. Отв. сост. А.И. Зюзина. М.: РОССПЭН, 2004. <http://opisi.garf.su/pdf/gulag4/01.pdf>

**Зауреш Сактаганова<sup>а</sup>, Алина Гладышева<sup>а</sup>, Толқынай Сақабай<sup>а</sup>**

<sup>а</sup>*Қарағандинский Университет им. Е.А. Букетова, Қарағанда, Қазақстан*

### **К вопросу об амнистии беременных и имеющих малолетних детей женщин-заклѹченных из ГУЛАГа: реализация Указа от 26 августа 1950 г.**

**Аннотация.** В статье рассматривается реализация Указа № 0589/183с от 26 августа 1950 г. об амнистии беременных и имеющих малолетних детей женщин из ГУЛАГа. Данная амнистия

рассматривается в контексте предыдущих подобных амнистий. Дан краткий обзор состояния системы ГУЛАГа конца 1940-х – начала 1950-х гг., анализируются этапы осуществления амнистии, количество и контингент освобождаемых женщин. Дан обзор взаимодействия структур, осуществляющих амнистию: руководства лагерей, прокуратуры, районных отделов МВД. На основе архивных материалов сделаны выводы об изменении оценки преступлений с точки зрения их опасности для государства: контингентом, не подлежащим освобождению амнистии были женщины, осужденные за экономические преступления, в основном осужденные по Указу от 4 июня 1947 г., в то время как женщины, осужденные как члены семей изменников Родины, получали возможность освобождения. Задачи, поставленные амнистией от 26 августа 1950 г., не были полностью осуществлены в силу сложностей во взаимодействии осуществлявших её структур. Около 5% от общего количества женщин, имеющих малолетних детей вне лагеря, остались в заключении.

**Ключевые слова:** история СССР; сталинизм; ГУЛАГ; женщины в ГУЛАГе; дети в ГУЛАГе; Карлаг; амнистии.

**Zauresh Saktaganova<sup>a</sup>, Alina Gladysheva<sup>a</sup>, Tolkynay Sakabay<sup>a</sup>**  
**<sup>a</sup>Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan**

### **On the issue of the amnesty for the pregnant and having young children women prisoners from the Gulag: implementation of the Decree of August 26, 1950**

**Abstract.** The article examines the implementation of Decree No. 0589/183c of August 26, 1950 on the amnesty of pregnant women and women with young children from the Gulag. This amnesty is considered in the context of previous similar amnesties. A brief overview is given of the state of the Gulag system in the late 1940s and early 1950s, as well as the economic and social situation in the USSR during this period. The stages of implementation of the amnesty, the number and contingent of women released are analyzed. An overview of the interaction of the structures implementing the amnesty is given: the leadership of the camps, the prosecutor's office, and the district departments of the Ministry of Internal Affairs. Based on the reviewed archival materials, conclusions were drawn about changes in the assessment of crimes, from the point of view of their danger to the state: women convicted of economic crimes, mostly those convicted under the Decree of June 4, 1947, were a contingent not eligible for amnesty, while women convicted as family members of traitors to the homeland were given the possibility of release. The tasks set by the amnesty of August 26, 1950 were not fully realized due to the difficulties in the interaction of the structures that carried it out. About 5% of the total number of women with young children outside the camp remained in prison.

**Key words:** History of the USSR; Stalinism; GULAG; Women in the Gulag; Children in the Gulag; Karlag; Amnesties.

### References:

Alexopoulos G. Exiting the Gulag after War Women, Invalids and the Family. *Jahrbuecher fuer Geshichte Osteuropas, Neu Folge*, Bd. 57. H.4. Themenschwerpunkt: Aufbruch aus dem GULag. 2009. P. 563-579 [in English]

Alexopoulos G. *Illness and Humanity in Stalin's GULAG*. New Haven and London: Yale University Press, 2017. 308 p. [in English]

Bell Wilson T. "Sex, Pregnancy, and Power in the Late Stalinist Gulag." *Journal of the History of Sexuality*, Vol. 24. №2. 2015. P. 198–224. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/24616567> [in English]

Vert N. *Terror and disorder. Stalinism as a system*. (translation from French). Moscow. 2010. 447 p. [in Russian]

*Children of the GULAG*. 1918-1956. Vilenskij S.S., Kokurin A.I., Atmashkina G.V., Novichenko I.Ju. Moscow, 2002. 631 p. [in Russian]

The Interview with S.S. Pechuro taken by A.G. Gladysheva in Moscow, 2011. [in Russian]

*The history of the Stalin's Gulag*. The end of the 1920s - the first half of the 1950s. Vol. 4. The population of the Gulag: size and life conditions. Moscow, 2004. 624 p. [in Russian]

### Information about the authors

**Saktaganova Zauresh Galimzhanovna** – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Center for Ethnocultural and Historical-Anthropological Research, E.A. Buketov Karaganda State University, Gogol st., 38,100012, Karaganda, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>, zauresh63@mail.ru

**Gladysheva Alina Gennad'evna** – doctoral student of the historical faculty of E.A. Buketov Karaganda University, Gogol st., 38,100012, Karaganda, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0003-0374-1330>, a.gladysheva2010@yandex.ru

**Sakabay Tolkynay Kuandykkyzy** – doctoral student of the historical faculty of E.A. Buketov Karaganda University, Gogol st., 38,100012, Karaganda, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0002-0042-9168>, tolkinist78@mail.ru

### Авторлар туралы мәліметтер

**Сақтағанова Зауреш Ғалимжанқызы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Этно-мәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағанды қ, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>, zauresh63@mail.ru

**Гладышева Алина Геннадьевна** – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультетінің докторанты, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағандық, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0003-0374-1330>, a.gladysheva2010@yandex.ru

**Сақабай Толқынай Қуандыққызы** – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультетінің докторанты, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағандық, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0002-0042-9168>, tolkinist78@mail.ru

### Сведения об авторах

**Сактаганова Зауреш Галимжановна** – доктор исторических наук, профессор, директор Центра этнокультурных и историко-антропологических исследований, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, ул. Гоголя, 38, 100012, Караганда, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>, zauresh63@mail.ru

**Гладышева Алина Геннадьевна** – докторант исторического факультета, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, ул. Гоголя, 38, 100012, Караганда, Казахстан. <https://orcid.org/0009-0003-0374-1330>, a.gladysheva2010@yandex.ru

**Сақабай Толқынай Қуандыққызы** – докторант исторического факультета, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, ул. Гоголя, 38, 100012, Караганда, Казахстан. <https://orcid.org/0009-0002-0042-9168>, tolkinist78@mail.ru

Мақала 26.05.2024. редакциясына түсті; 26.06.2024 рецензиядан кейін мақұлданды; 20.09.2024. жұртшылыққа қабылданды.